



БЕКІТІЛГЕН

«Ұлттық медициналық қауымдастық»
РҚБ Басқармасының шешімімен
2026 жылғы «25» мамырдағы № 2 шешім

ҚОҒАМДЫҚ ОФЕРТА

«Ұлттық медициналық қауымдастық» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелік жарнаны төлеу талаптарына қосылу туралы

«Ұлттық медициналық қауымдастық» республикалық қоғамдық бірлестігі, қысқартылған атауы — «ҰМК» РҚБ, бұдан әрі «Қауымдастық» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Президенті С.А. Мамырбекова тұлғасында, осы арқылы жеке тұлғаларға Қауымдастық сайтында мүшелік жарнаны төлеу шарттарымен танысу, олармен келісуді растау және Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы кейіннен төлем жасау тәртібі туралы осы жария оферта шартын жасасуды ұсынады.

Осы редакция Қауымдастық мүшелігіне қабылдану туралы өтініш беретін тұлғаларға да, кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік) немесе мақсатты мүшелік жарнаны төлейтін Қауымдастықтың қолданыстағы мүшелеріне де арналған.

Осы офертаның 4-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен оның шарттарын толық және сөзсіз қабылдауды білдіреді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы жария оферта пайдаланушының Қауымдастық сайтында мүшелік жарнаны төлеу қағидаларымен танысу шарттарын, сайт интерфейсіндегі тиісті өрісте белгі қою арқылы офертамен келісім білдіру тәртібін және Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлем жасау тәртібін айқындайды.

1.2. Осы оферта Қауымдастықтың <https://nma.com.kz/> мекенжайындағы сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылады.

1.3. Осы оферта бір мезгілде екі санаттағы тұлғаларға қолданылады:
а) қағаз және (немесе) электрондық нысанда Қауымдастық мүшелігіне қабылдану туралы өтініш беретін және тиісті жарнаны төлейтін жаңа тұлғаларға;
б) кезекті немесе ішкі құжаттарда көзделген өзге мүшелік жарнаны төлейтін Қауымдастықтың қолданыстағы мүшелеріне.

1.4. Осы оферта ақылы қызмет көрсету шарты болып табылмайды. Мүшелік жарнаны төлеу Қауымдастық қызметіне қатысу және Қауымдастық Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Қауымдастық мүшесінің құқықтары мен міндеттерін іске асыру мақсатында жүргізіледі.



1.5. Қауымдастық қоғамдық бірлестік ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады. Мүшелік жарналар түрінде алынған ақшалай қаражат Қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына ғана пайдаланылады.

1.6. Осы оферта Қауымдастық сайты арқылы жарнаны төлеу шарттарына электрондық түрде қосылу тәртібін реттейді. Қауымдастық мүшелігіне қабылдау тәртібі Қауымдастықтың Жарғысымен және уәкілетті органдарының шешімдерімен айқындалады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Қауымдастық — «Ұлттық медициналық қауымдастық» республикалық қоғамдық бірлестігі.

2.2. Қауымдастық сайты — осы офертаның мәтіні, онымен келісу нысаны, жарна түрлері туралы мәліметтер және төлем жасауға арналған QR-код орналастырылған Қауымдастықтың интернет-ресурсы.

2.3. Пайдаланушы — Қауымдастық сайтында осы офертамен танысқан жеке тұлға.

2.4. Жаңа өтініш беруші — Қауымдастық мүшелігіне қабылдану туралы өтініш беретін және Жарғыда және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен қабылдау туралы шешім қабылданғанға дейін немесе осындай қарауға байланысты көзделген жарнаны төлейтін пайдаланушы.

2.5. Қолданыстағы мүше — белгіленген тәртіппен Қауымдастық мүшелігіне қабылданған және кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік), мақсатты немесе ішкі құжаттарда көзделген өзге жарнаны төлейтін тұлға.

2.6. Мүшелік жарна — Қауымдастықтың Жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленген ақшалай төлем. Қауымдастықта кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік) және мақсатты мүшелік жарналар белгіленуі мүмкін.

2.7. Офертамен келісу — пайдаланушының төлемге өтпес бұрын сайттағы арнайы өрісте белгі (құсбелгі) қою арқылы осы офертаның шарттарымен танысқанын және келісетінін растауы.

2.8. Қате төлем — қателікпен жасалған төлем, оның ішінде қайталанып төленген, басқа тұлға төлеген, дұрыс емес сома көрсетілген немесе техникалық ақау салдарынан жүзеге асырылған төлем, бұл құжатпен расталуға тиіс.

3. Офертаның мәні

3.1. Қауымдастық пайдаланушыға сайтта мүшелік жарнаны төлеу шарттарымен танысуға, осы офертамен келісімін білдіруге және тиісті мүшелік жарнаны қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге мүмкіндік береді.

3.2. Жаңа өтініш берушілер үшін осы оферта төлем шарттарымен электрондық келісу және ақшалай қаражатты аудару тәртібін реттейді, алайда өздігінен Қауымдастық мүшелігіне қабылдау туралы шешімді алмастырмайды.

3.3. Қолданыстағы мүшелер үшін осы оферта төлем шарттарымен келісуді растау және Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы кезекті немесе өзге мүшелік жарнаны енгізу тәртібін реттейді.



3.4. Осы офертаны акцептеген пайдаланушы өзі көрсеткен мәліметтердің дұрыстығын, Қауымдастықпен электрондық өзара іс-қимыл жасауға келісімін және төленген жарнаға Қауымдастықтың Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген қағидалардың қолданылуына келісімін растайды.

4. Офертаға қосылу тәртібі және акцепт сәті

4.1. Осы офертаға қосылу келесі тәртіппен жүзеге асырылады: пайдаланушының Қауымдастық сайтындағы оферта мәтінімен танысуы; пайдаланушының офертамен келісетіні туралы белгі (құсбелгі) қоюы; Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлем жасауы; банк немесе төлем провайдері тарапынан төлемнің жүргізілгені туралы растау алуы.

4.2. Пайдаланушының сайт интерфейсінде белгі (құсбелгі) қоюы пайдаланушының офертамен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін, шарттарымен келіскенін және Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлем жасауға ниет білдіргенін білдіреді.

4.3. Төлем аяқталмай тұрып белгі (құсбелгі) қоюдың өзі мүшелік жарнаны төлеу міндеттемесінің орындалғанын білдірмейді.

4.4. Осы офертаның түпкілікті акцептісі болып Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлемнің сәтті аяқталуы және Қауымдастықтың төлемнің жүргізілгені туралы растауды алуы танылады.

4.5. Егер пайдаланушы келісім белгісін қойып, бірақ төлемді аяқтамаса, онда жарнаны төлеу міндеттемесін орындау бөлігіндегі шарт аяқталмаған болып есептеледі.

5. Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлем жасау тәртібі

5.1. Офертамен келісімін растағаннан кейін пайдаланушы Қауымдастық сайтындағы QR-код арқылы төлемді дербес жүзеге асырады.

5.2. Төлемнің расталуы ретінде электрондық чек, төлем провайдерінің хабарламасы, Қауымдастықтың ақпараттық жүйесіндегі жазба, жеке кабинеттегі белгі және (немесе) операцияның сәтті жүргізілгенін растайтын өзге де электрондық мәліметтер танылады.

5.5. Егер төлем аяқталмаса, банк тарапынан қабылданбаса, пайдаланушы тарапынан жойылса немесе төлем провайдерімен расталмаса, жарнаны төлеу міндеттемесі орындалмаған болып есептеледі.

5.6. Банктің, эквайердің, төлем ұйымының немесе өзге делдалдың барлық комиссиялары, егер Қауымдастық сайтында өзгеше тікелей көрсетілмесе, тиісті қаржы ұйымы белгілеген тәртіппен және мөлшерде төленеді.

6. Жаңа өтініш берушілер үшін ерекшеліктер

6.1. Қауымдастық мүшелігіне қабылдау белгіленген нысан бойынша қағаз және (немесе) электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Қауымдастық мүшелігіне қабылдау туралы шешімді Қауымдастықтың Басқармасы немесе оған өкілеттік берілген орган не лауазымды тұлға берілген өкілеттіктер шегінде қабылдайды.

6.3. Жаңа өтініш берушінің сайт арқылы кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік) немесе өзге көзделген жарнаны төлеуі мүшеліктің автоматты түрде туындауын білдірмейді.



6.4. Жаңа өтініш берушінің мүшелігі Қауымдастықтың Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісті шешім қабылданғаннан кейін ғана туындайды.

6.5. Жаңа өтініш беруші жарнаны төлей отырып, өзіне келесілердің белгілі екенін растайды: мүшелікке қабылдау туралы шешім жеке қабылданады; өтінішті электрондық түрде беру және төлем жасау мүшелік рәсімінің бір бөлігі болып табылады, бірақ Қауымдастықтың уәкілетті органының шешімін алмастырмайды.

7. Қолданыстағы мүшелер үшін ерекшеліктер

7.1. Қауымдастықтың қолданыстағы мүшесі Қауымдастық сайты кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік), мақсатты және Қауымдастықтың ішкі құжаттарында көзделген өзге де жарналарды төлеу үшін пайдалануға құқылы.

7.2. Қолданыстағы мүшенің офертамен келіскеннен кейін Қауымдастық сайты арқылы тиісті жарнаны төлеуі оның осы офертаның шарттарын қабылдағанын және нақты есептелген сома көлемінде төлеу міндеттемесін орындағанын растайды.

7.3. Төленуге жататын жарнаның уақтылығы, мерзімділігі және мөлшері Қауымдастықтың Жарғысымен, Мүшелік жарналар туралы ережемен, Басқарманың шешімдерімен және төлем жасалған күнгі Қауымдастық сайтында жарияланған мәліметтермен айқындалады.

8. Жарна түрлері, мөлшері және төлем мақсаты

8.1. Қауымдастықта кіріспе, жыл сайынғы (мерзімдік) және мақсатты мүшелік жарналар белгіленуі мүмкін.

8.2. Мүшелік жарналардың нақты мөлшері, мерзімдері және төлеу тәртібі Мүшелік жарналар туралы ережемен, Қауымдастық Басқармасының шешімдерімен және Қауымдастық сайтында орналастырылған ақпаратпен айқындалады.

8.3. Пайдаланушы төлем жасамас бұрын жарна түрін, оның мөлшерін, төлем мақсатын және Қауымдастық сайтында көрсетілген өзге де мәліметтерді тексеруге міндетті.

8.4. Қауымдастық мүшелік жарналар түрінде алған ақшалай қаражат тек Қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына бағытталады және Қауымдастық мүшелері арасында бөлінбейді.

9. Ақшалай қаражатты қайтару

9.1. Қате төлем жағдайларын қоспағанда, мүшелік жарналар қайтарылмайды.

9.2. Қате төлемдерге, атап айтқанда, бір міндеттеме бойынша қайталанған төлем, айқын техникалық қате салдарынан дұрыс емес сомада жасалған төлем, тиісті жарнаны төлеу ниетінсіз басқа тұлға жасаған төлем, сондай-ақ құжатпен расталған өзге де жағдайлар жатады.

9.3. Қате төлемді қайтару мәселесін қарау үшін пайдаланушы Info@nma.com.kz электрондық поштасы арқылы Қауымдастыққа қайтару негіздерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтініш жібереді.

9.4. Қате төлемді қайтару туралы өтініш барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Қауымдастықпен қаралады.



9.5. Қате төлем расталған жағдайда, қайтару банк қағидалары мен қолданылатын заңнаманы ескере отырып, Қауымдастық айқындаған тәсілмен жүзеге асырылады.

9.6. Жаңа өтініш берушінің мүшелікке одан әрі кіруден бас тартуы немесе оның Қауымдастық мүшелігіне қабылданбауы, егер мұндай қайтару заңда, Жарғыда, Мүшелік жарналар туралы ережеде немесе нақты қате төлем бойынша Қауымдастық шешімінде тікелей көзделмесе, төленген жарнаның автоматты түрде қайтарылуына әкеп соқпайды.

10. Электрондық өзара іс-қимыл және дербес деректер

10.1. Пайдаланушы осы офертамен келісім білдіре отырып, Қауымдастықтың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес қолданылатын Қауымдастық сайты, жеке кабинетті, электрондық поштаны, SMS-хабарламаларды және өзге де цифрлық сервистерді қоса алғанда, электрондық өзара іс-қимыл арналарының пайдаланылуына келісім береді.

10.2. Қауымдастық цифрлық платформаны, мүшелердің жеке кабинеттерін, мүшелікке қабылдау бойынша электрондық өтініштерді және мүшелікке қатысты онлайн-сервистерді құруға және пайдалануға құқылы.

10.3. Қауымдастық заңнамада және Қауымдастықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен электрондық пошта, жеке кабинет және өзге де цифрлық арналарды пайдалану арқылы хабарламалар жіберуге және өтініштер мен құжаттарды электрондық нысанда қабылдауға құқылы.

10.4. Осы офертаны акцептей отырып, пайдаланушы өзінің дербес деректерін сәйкестендіру, мүшелікті есепке алу, төлемдерді есепке алу, қате төлемді қайтару туралы өтініштерді өңдеу, хабарламалар жіберу және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында өңдеуге келісім береді.

10.5. Пайдаланушы келісім белгісін қойғанға дейін осы офертамен, дербес деректерді өңдеу саясатымен және сілтемелері Қауымдастық сайтында орналастырылған өзге де құжаттармен танысу мүмкіндігі болғанын растайды.

11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1. Осы оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

11.2. Қауымдастық QR-код бойынша өтудің уақытша мүмкін еместігі, банктің, эквайердің, төлем ұйымының, байланыс арналарының, бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысындағы ақаулар немесе Қауымдастыққа тәуелсіз себептер бойынша банктің операция жүргізуден бас тартуы үшін жауап бермейді.

11.3. Қауымдастық өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мүшелері Қауымдастықтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11.4. Пайдаланушы өзі көрсеткен мәліметтердің дұрыстығы, жарна түрін дұрыс таңдауы және өзі таңдаған төлем құралын пайдаланудың заңдылығы үшін жауапты болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы офертаға байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше келіссөздер және жазбаша немесе электрондық өтініштер алмасу арқылы шешілуге жатады.



12.2. Шағымдар Қауымдастыққа келесі мекенжай бойынша жолданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов ауылдық округі, Жандосов ауылы, Балдаурен көшесі, 18-үй, индекс 050040 және (немесе) Info@nma.com.kz электрондық поштасы арқылы.

12.3. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Осы оферта Қауымдастық сайтында орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді және жаңа редакция қабылданғанға дейін немесе Қауымдастық оны кері қайтарып алғанға дейін қолданылады.

13.2. Қауымдастық осы офертаға өзгерістер енгізуге құқылы. Егер өзге мерзім қосымша көрсетілмесе, жаңа редакция сайтта орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

13.3. Тараптардың қатынастарына тиісті төлем сәтті жасалған күнде қолданыста болған оферта редакциясы қолданылады.

13.4. Осы офертада тікелей реттелмеген барлық мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қауымдастықтың Жарғысын және Қауымдастықтың ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

14. Қауымдастықтың деректемелері

«Ұлттық медициналық қауымдастық» республикалық қоғамдық бірлестігі.

Қысқартылған атауы: «ҰМҚ» РҚБ.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов ауылдық округі, Жандосов ауылы, Балдаурен көшесі, 18-үй, индекс 050040.

БСН (ЖСН): 920740001014

Банк: «Kaspi Bank» АҚ

КБе: 18

БСК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ60722S000047130868

«ҰМҚ» РҚБ Президенті _____ / С. Мамырбекова /